Кеше Түркістан қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті өтті. Қазақстанның төрағалығымен «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбында ұйымдастырылған жиынға Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан президенттері, сондай-ақ бақылаушы елдердің өкілдері, ұйымның Бас хатшысы, Ақсақалдар кеңесі мен түркі ынтымақтастық ұйымдарының жетекшілері қатысты.

3

№57
(4955)
Сенбі
16 мамыр
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



2

МӘҢГІЛІК ДОСТЫҚТЫҢ ТҰҒЫРЫ БИІКТЕДІ


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен келген Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанның Қазақстанға мемлекеттік сапары аясында қазақ-түрік қатынасын жаңа деңгейге көтеретін «Мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы» декларация қабылданды.

АСТАНА МӘРТЕБЕСІ АЙҚЫНДАЛДЫ

ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.

Құжатты талқылау кезінде ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков баяндама жасады.

«Елорданың қарқынды дамуы, халық санының тұрақты өсуі, оның ішінде урбанизация процестерінің күшеюі өз кезегінде құқықтық және басқарушылық тетіктерді одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасы әзірленді» деді вице-министр.



4

БЕС ЖАҒАЖАЙ БЕЛГІЛЕНДІ

Астана қаласы әкімдігінің қаулысына сәйкес, елордада азаматтардың су айдындарында шомылуына арналған 5 жағажай аймағы бекітілді.

Олардың қатарында Орталық саябақтағы Орталық жағажай, Ш.Бейсекова көшесіндегі көпір маңындағы коммуналдық жағажай, Көктал-1 тұрғын алабындағы «Три пескаря», «Армина» және «Столичный двор» жағажай аймақтары бар. Аталған аумақтар белгіленген талаптарға сай келеді және шомылу маусымында азаматтардың қауіпсіз демалысына арналған.

LRT ЖОЛАҚЫСЫ – 200 ТЕҢГЕ

15 мамырдан бастап аудан әкімдіктеріндегі LRT карталарын беру пункттері жабылды, деп хабарлады City Transportation Systems компаниясы.

Енді онлайн рәсімделген атаулы мектеп және жеңілдікті LRT көлік карталар, сондай-ақ бұрын төленген өтінімдер бойынша дайын карталарды CTS-тің Орталық кассасынан алуға болады.

«transcard.kz сайты арқылы онлайн рәсімделген атаулы мектеп және жеңілдікті LRT көлік карталарын, сондай-ақ бұрын берілген және төлемі жасалған өтінімдер бойынша карталарды SMS-хабарлама алғаннан кейін CTS-тің Орталық кассасынан алуға болады. Мекенжайы: Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 50/1. Жұмыс уақыты: 09:00-ден 18:00-ге дейін, түскі үзіліссіз.


15 мамырдан бастап аудан әкімдіктеріндегі карта беру пункттері жұмысын тоқтатады. Қосымша ақпарат кейінірек жарияланады» делінген хабарламада.

LRT жолақысы 200 теңге болып бекітілді, ал жеңілдік санатындағы азаматтар үшін тегін болады. Жол ақысын банк және көлік картасы, QR, Apple Pay, Samsung Pay немесе Face Pay жүйесі арқылы кез келген ыңғайлы тәсілмен төлеуге болады.





№57 (4955) 16/05/2026 Сенбі



ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКИЯ: МӘҢГІЛІК ДОСТЫҚТЫҢ ТҰҒЫРЫ БИІКТЕДІ

Осы аптада Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоған Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Тәуелсіздік сарайында мәртебелі мейманды салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия көшбасшысын өзі күтіп алды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

Тәуелсіздік сарайындағы салтанатты рәсімнен соң президенттер шағын құрамда кездесті. Қазақстан Президенті Түркия басшысына ілтипат көрсетті. «Жоғары мәртебелі Президент мырза, қадірлі бауырым, Өзіңізбен Қазақстанның елордасында жүздескеніме өте қуаныштымын. Ең алдымен, менің шақыруымды қабыл алып, Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгеніңіз үшін шын жүректен ризашылығымды білдіргім келеді. Сапарыңыздың мән-мағынасы ерекше, өте жоғары деп айтсақ артық болмайды. Себебі бұл, шын мәнінде, тарихи оқиға. Бұл сапар елдеріміздің ынтымақтастығына үлкен серпін беретініне ешқандай күмән жоқ. Екі ел арасында тек қана достық, бауырластық, мәңгілік серіктестік қарым-қатынас қалыптасқан. Арамызда ешқандай түйткіл немесе шешілмеген мәселе жоқ. Қош келдіңіз!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Режеп Тайип Ердоған бауырлас қазақ елінің көрсеткен құрметіне алғыс айтты. «Ең әуелі, бауырымыздың атажұртқа арнайы шақырғанына ризашылығымды білдіргім келеді. Бізге айрықша қонақжайлық танытып отырсыздар. Қазақ елінің шекарасынан өткеннен қапталдаса ұшқан ұшақтармен қарсы алып, менің делегацияма үлкен құрмет көрсеттіңіздер. Бұл бізді ерекше қуантты. Әрине, мұны ұмытпаймыз. Бүгінгі сапар бауырлас халықтардың ынтымағын арттыруға зор септігін тигізеді деп сенемін» деді Түркия Президенті.

СЕРІКТЕСТІК ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Қазақстан – Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысын өткізді. Мемлекет басшысы Түркия Қазақстан үшін бауырлас ел, маңызды әрі сенімді серіктес саналатынын атап өтіп, тамыры терең байланыстар қос халықтың мызғымас достығын одан әрі нығайтуға ықпал етіп отырғанын айтты. «Қазіргі таңда қазақ-түрік екіжақты қарым-қатынасы кеңейтілген стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып жатыр. Елдеріміздің арасында ешқандай түйткіл жоқ. Мемлекетаралық және үкіметаралық байланыстарымыз нығайып келеді. Парламентаралық ықпалдастығымыз да жоғары деңгейде. Түрік делегациясының құрамында бір топ депутаттың және партия мүшелерінің болуы – соның айқын дәлелі. Сонымен қатар екі елдің экономикалық ынтымақтастығы күшейе түсті. Түркия ірі инвесторларымыздың қатарына кіреді. Осы уақытқа дейін Сіздің еліңізден экономикамызға 6 миллиард доллар инвестиция тартылды. Қазақстанның Түркияға салған инвестициясы да өсіп, 2,5 миллиард долларға жуықтады. Сондай-ақ Түрік елі – негізгі бес сауда серіктесіміздің бірі. Қос халықтың мәдени-гуманитарлық байланыстары қарым-қатынасымыздың алтын арқауы саналады. Біз осы игі үрдісті сақтап, өзара ықпалдастығымыздың аясын кеңейте беруге мүдделіміз. Бүгін «Мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы» декларацияны қабылдаймыз. Осы маңызды құжат қазақ-түрік қатынастарын дамытуға тың серпін беретіні анық. Бұл мәселе бойынша екі елдің де ниет-тілегі – бір, сондықтан әлеуетіміз де, мүмкіндігіміз де мол деп айтуға толық негіз бар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында тараптар сауда-экономикалық ықпалдастықты тереңдету мәселесін талқылады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша тауар айналымы 8,8 пайызға өсіп, 5,4 миллиард доллардан асқан. Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-саттықты әрі қарай жандандыруға қолайлы жағдай жасап, алыс-берісті әртараптандырудың маңызына тоқталды. Президенттің айтуынша, Қазақстан Түркияға қазірдің өзінде 34 тауар түрі бойынша экспорт көлемін ұлғайта алады. Оның жалпы құны 630 миллион доллардан асады. Бұл ретте Мемлекет басшысы екі елдің қаржы орталықтары мен цифрлық сауда платформалары арасындағы серіктестіктің, сондай-ақ бүгін Астанада өтіп жатқан Қазақ-түрік бизнес форумының нәтижесі сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі тереңдете түсетініне сенім білдірді. Кеңесте ауыл шаруашылығы саласындағы ықпалдастыққа айрықша мән берілді. Былтыр екі елдің агроөнеркәсіп кешеніндегі тауар айналымы 25 пайыздан асып, 360 миллион долларға жуықтаған. Бірқатар инвестициялық жоба іске асып жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаев Tiryaki Agro қолға алған глютен мен крахмал өндірісін, Alarko Holding салып жатқан жылыжай кешенін мысалға келтірді. Түркия тарапына Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзара саудасын жандандыру жөнінде 2026-2028 жылдарға арналған жол картасын қабылдау ұсынылды.

Жиында қазіргі геосаяси жағдайда көлік-логистика саласының стратегиялық маңызы арта түскеніне назар аударылды. Мемлекет басшысы бұл ретте Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне өзге елдердің қызығушылығы артып келе жатқанына тоқталып, түрік компанияларын Құрық, Ақтау порттары арқылы жүк тасымалын ұлғайтуды көздейтін жобаларға белсенді атсалысуға шақырды. Қазақстан авиация саласындағы ынтымақтастыққа да айрықша мән беріп отыр. Сондықтан Алматы халықаралық әуежайын Орталық Азиядағы логистикалық хаб ретінде дамытуды көздеп отырған TAV Airports Holding компаниясының бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетіледі. Бұл ретте Мемлекет басшысы елімізде инвестициялық ахуалды жақсарту үшін атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар, инвесторларға арналған жеңілдіктер жөнінде мәлімет берді. Сонымен қатар Түркия бизнесмендерін шикізаттық емес жобаларды бірлесе іске асыруға үндеді. Жиында энергетика, тау-кен, цифрландыру және жасанды интеллект, қорғаныс өнеркәсібіндегі өзара тиімді серіктестік аясын одан әрі кеңейту перспективасы қарастырылды.

Режеп Тайип Ердоған республикалық референдумда халық қолдауына ие болған жаңа Конституция Қазақстанның ынтымағын арттыра беретініне сенім білдірді. Сонымен қатар Түркия Президенті екі ел арасындағы қарым-қатынас кеңейтілген стратегиялық әріптестік аясында барлық салада нығайып келе жатқанын айтты. «Қадірлі бауырыммен өткізген кездесуде саудадан бастап энергетика, қорғаныс өнеркәсібі, көлік-логистика салаларындағы ынтымақтастық, сондай-ақ жаһандағы өзекті мәселелер секілді көптеген тақырыпта пікір алмастық. Біз сауда айналымын 15 миллиард долларға жеткізуге ниетті екенімізді растадық. Осы орайда 15 сәуірде Астанада өткен Үкіметаралық экономикалық комиссияның 14-ші отырысында қабылданған 67 тармақтан тұратын Іс-қимыл жоспарын жүзеге асырудың маңызына тоқталдық. Инвестиция саласында компанияларымызды ынталандыруды жалғастырамыз. Бүгінгі бизнес-форум сияқты іскерлік ортаны біріктіретін іс-шаралар екі елдің сауда-экономикалық байланыстарын нығайту тұрғысынан аса маңызды деп санаймын» деді Түркия Президенті.

Екіжақты келіссөздер мен Қазақстан – Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысының қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Режеп Тайип Ердоған Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойды. Екі елдің ресми делегация мүшелері мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейдегі құжаттармен алмасты.

МӘРТЕБЕЛІ ОРДЕНМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды өз халқын алға бастап келе жатқан әлемдік деңгейдегі салиқалы басшы және саясаткер ретінде ерекше құрметтейтінін атап өтті. «Өзіңіздің көреген бастамаңызбен қолға алынған тиімді реформалардың нәтижесінде Түркия тұрақты өсіп-өркендеу жолына түсті, зор табысқа жетті, ықпалды және қуатты держава атанды. Біз түрік ағайынға әрдайым тілекшіміз, бауырлас елдің әр жетістігіне қуанамыз. Президент Ердоған – жаһандық саясатта әділдік пен жауапкершілік қағидатын табанды түрде қорғап жүрген аса көрнекті қайраткер. Сіздің «Әлем бестен үлкен» атты тұжырымдамаңыз баршаға белгілі. Бұл халықаралық қатынастар жүйесіндегі теңсіздікке қарсы айтылған батыл үндеу екені сөзсіз. Сонымен қатар Режеп мырза түркі және ислам өркениетінің ынтымақтастығын нығайту ісінде айрықша рөл атқарып келеді. Өзіңізді түркі әлемі мойындаған беделді көшбасшы десек, артық болмайды. Сіз туыстас елдердің рухани және саяси тұтастығын бекемдеу жолында аянбай еңбек етіп жүрсіз. Қадірлі Режеп Тайип Ердоғанның тікелей қолдауының арқасында Түркі мемлекеттері ұйымы қысқа мерзім ішінде ықпалды құрылым ретінде қалыптасты. Сондай-ақ ТҮРКСОЙ, Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы, Түркі академиясы, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры, Түркі инвестициялық қоры секілді маңызды институттардың жұмысы жандана түсті. Біз мұны жоғары бағалаймыз» деді Қазақстан Президенті.

Ұлы дала – түбі бір түркі халықтарының атажұрты, ал, Түркістан – оның қастерлі қазынасы, рухани астанасы. Киелі шаһар тұтастығымыздың нышаны, төл өркениетіміздің алтын бесігі саналады. Сондықтан біз ертең өз жұмысын бастайтын Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитін Түркістан төрінде өткізуді жөн көрдік. Алқалы жиын ағайын елдердің арасын жақындатып, ықпалдастығын күшейте түседі деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, Түркістан туралы айтқанда күллі түркінің рухани темірқазығы – Қожа Ахмет Ясауи тұлғасына тоқталмау мүмкін емес. «Әзірет Сұлтан түркілік рух пен ислам өркениетін үйлестіре білді. Оның мәдени мұрасы Ұлы далада ғана емес, Анадолы жерінде де өшпес із қалдырды. Түркі әлеміне ортақ көптеген ғұламалар Әзірет Сұлтанның ізбасары саналады. Осы тұста әйгілі Юнус Эмрені ерекше атап өткеніміз жөн. Тұғырлы тұлғаның туындыларынан Ясауи ілімінің ықпалын анық көруге болады. Осындай үндестік қазақтың бас ақыны – хакім Абайдың шығармаларынан да байқалады. Түптеп келгенде, ұлы ғұламаның ғибратты жолы ұлтқа бағдар, ұрпаққа өнеге екені сөзсіз. Мен Ұлыстың ұлы күнінде киелі Түркістанға арнайы барып, Әзірет Сұлтан рухына құран бағыштадым. Сол сапарымда мемлекеттік наградалар қатарына Qoja Ahmet Yasaui орденін енгізу туралы маңызды бастама көтердім. Бұл марапатты Қазақстанның дамуына айрықша еңбек сіңірген еліміздің және шетелдің белгілі ғалымдарына, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне табыстау қажеттігі жөнінде айттым. Соған сәйкес тиісті Заң қабылданды, арнайы Жарлыққа қол қойдым. Бұл – шын мәнінде, беделі биік, бағасы жоғары марапат. Біз бұл орденді әзірлеген кезде ашық жасыл түске басымдық бердік. Асыл дінімізде осы түстің орны ерекше. Ал оның құрамындағы күміс – тазалықтың нышаны. Бір сөзбен, бұл – Әзірет Сұлтанның ұлағаты мен тағылымын дәріптейтін марапат. Жалпы, біз өз елімізде Қожа Ахмет Ясауидің бай мұрасын жүйелі түрде және кең ауқымда зерттеу жұмысын белсенді түрде жүргіземіз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Түркия Президентін Қожа Ахмет Ясауи атындағы мәртебелі орденмен марапаттау туралы шешім қабылдағанын, Режеп Тайип Ердоған – бұл орденнің тұңғыш иегері екенін атап өтті.

Режеп Тайип Ердоған Түркістанның пірі Қожа Ахмет Ясауи атындағы ерекше орденнің алғашрет өзіне берілгеніне қуанышты екенін жеткізді. «Бұл орденді Түркия Республикасы және түрік ұлтына деген ілтипатыңыздың белгісі деп қабылдаймын. Осы орайда елдеріміз арасындағы бауырластықты бекемдеу бағытындағы көреген саясатыңыз үшін Сізге, құрметті бауырым, алғыс айтамын. Бауырластығымыз, достығымыз лайым мәңгі болсын!» деді Түркия Президенті.

МЕКТЕПТІҢ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған бейнебайланыс режимі арқылы Түркияда бой көтерген Қожа Ахмет Ясауи атындағы мектептің ашылу салтанатына қатысты. Газиантеп провинциясының Нурдағы қаласында орналасқан заманауи білім ошағында 32 бастауыш және 4 мектепке

дейінгі сынып қарастырылған. Ғимараттың жалпы ауданы – 6 мың шаршы метр. Білім беру кешені мамандандырылған оқу кабинеттерімен, зертханалармен, мәжіліс залымен, кітапханамен жабдықталған. Мектеп аумағында амфитеатр, спорт және балалар ойын алаңдары мен қазақтың ұлттық киіз үйі стилінде жасалған шатырлар бар. Құрылыс барысында жоба Түркияның қауіпсіздік талаптары мен қазіргі нормаларына сай жетілдіріліп отырды. Өңірдің ерекшелігіне бейімделген инженерлік шешімдер арқылы сейсмикалық қауіпсіздік, ылғалдан сақтау және жылу үнемдеу жүйелері қолданылды. 2023 жылдың 6 ақпанындағы жойқын зілзаладан зардап шеккен өңірге арналған жаңа мектеп салу бастамасын Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көтергені белгілі.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоғанға екі ел бірлесе іске асырып жатқан бірқатар инвестициялық жоба туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, Абай облысында Miryıldız компаниясы кен байыту комбинатын салуға ниетті. İskefe Holding Алматы қаласында желатин шығаруды жоспарлап отыр. Orzax Group Түркістан облысында биологиялық белсенді қоспалар шығаратын заманауи өндірісті қолға алды. S Sistem Lojistik компаниясы «Қазпошта» акционерлік қоғамымен бірлесіп, Ақтөбе халықаралық әуежайы аумағында логистика орталығын салып жатыр. Ал Tiryaki Holding Астанада бидай мен асбұршақты терең өңдейтін зауыт құрылысына кірісті. Аталған жобалар аясында елімізге 920 миллион доллардан астам инвестиция тартылып, 3100-ден аса жұмыс орны ашылмақ. Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин мемлекеттер басшыларына бүгінде түрік компанияларының қатысуымен ел экономикасының түрлі секторында 100-ге жуық инвестициялық жоба жүзеге асырылғанын баяндады. Олардың жалпы сомасы – 4 миллиард доллар шамасында. Қазіргі кезде құны 4 миллиард долларды құрайтын тағы 50 бірлескен жобаға қатысты жұмыс жалғасуда. Бұл Қазақстан мен Түркияның инвестициялық ықпалдастығы қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді.



МАҚСАТЫМЫЗ – БІР, БАҒДАРЫМЫЗ – АЙҚЫН

Мемлекет басшысы Түркия Президентімен кездесудің қорытындысы бойынша баспасөз конференциясын өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Мәртебелі Режеп Тайип Ердоғанға шақыруын қабыл алып, елімізге мемлекеттік сапармен келгені үшін шынайы ризашылығын білдірді. «Атажұртқа тағы да қош келдіңіздер деймін! Сіздің Қазақстанға ат басын бұрып, мемлекеттік сапармен келуіңіз – біз үшін зор мәртебе. Қазақ пен түрік – тамыры бір туысқан халықтар. Сондықтан бұл сапардың мәні де, мазмұны да айрықша. Түркия – Қазақстанның маңызды стратегиялық серіктесі. Екі елді ғасырлар бойы қалыптасқан бауырластық байланыстар, ортақ мәдениет пен рухани құндылықтар біріктіреді. Біз – бір-бірімізге шынайы тілеулес елдерміз. Мақсатымыз – бір, бағыт-бағдарымыз – айқын. Ең басты міндет – халықтарымыздың ынтымағын күшейтіп, табысын арттыру» деді Қазақстан Президенті.

Президент Түркия еліміздің ірі инвесторларының қатарына кіретінін атап өтті. «Бүгінге дейін түрік кәсіпкерлері экономикамызға 6 миллиард доллар көлемінде қаражат салды. Қазақстанның да бауырлас мемлекетке салған инвестициясы өсіп, шамамен 2,5 миллиард долларға жетті. Қазір елімізде 4 мыңға жуық түрік компаниясы жұмыс істейді. Бұл – біздің ұзақ мерзімге арналған серіктестігіміздің кепілі. Сондай-ақ Түркия – еліміздің ең ірі бес сауда серіктесінің бірі. Екі ел арасындағы алыс-беріс 8,8 пайызға өсіп, 5 миллиард доллардан асты. Әрине, экономикамыздың әлеуетін ескеретін болсақ, бұл көрсеткішті арттыруға толық мүмкіндік бар. Бүгін біз қатысқалы отырған Қазақстан – Түркия бизнес форумы екі елдің сауда-экономикалық ықпалдастығына бизнесімен байланысты кеңейте беруге мүдделі. Біздің білуімізше, Түркияда Президент Режеп Тайип Ердоғанның бастамасымен ұлттық экономикаға ауқымды инвестиция тарту үшін нақты шаралар қабылданатын болды. Лайықты кәсіпкерлерге бірқатар жеңілдік пен артықшылықтар беріледі екен. Біз бұл бастаманы міндетті түрде сараптаймыз, қажетті тұстарын пайдалануға тырысамыз» деді Президент.

Түркия Президенті қазақ және түрік кәсіпкерлерінің үлес қосуының арқасында Қазақстанмен экономикалық қарым-қатынас нығайып келе жатқанына қуанышты екенін жеткізді.

ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКИЯ БИЗНЕС ФОРУМЫ

Мемлекет басшысы бұл форумның екі ел үшін тиімді әрі мазмұнды болғанын атап өтіп, алқалы жиынды ұйымдастыруға атсалысқан Түркия тарапына алғыс айтты. Президент Қазақстанда түрік компанияларына жан-жақты қолдау көрсетіліп жатқанына тоқталды. «Қазір елімізде түрік капиталы бар 3 800-ге жуық кәсіпорын табысты қызмет етіп жатыр. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында мыңдаған жұмыс орны ашылды. Инвестициялық көрсеткішті арттыру үшін өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастықты тереңдету маңызды. Бүгінгі іс-шара бірлескен кәсіпорындар санын одан әрі көбейтуге мүмкіндік береді деп сенемін. Бұл ретте Қазақстан – Түркия үкіметаралық комиссиясы айрықша рөл атқаруға тиіс деп санаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнеске қолайлы жағдай жасауды мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі ретінде атады. «Қазір осы салада ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Президент жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі құрылды. Арнайы Инвестициялық штаб жұмыс істеп тұр. «Бір терезе» қағидатына сай қызмет көрсететін Ұлттық цифрлық платформа іске қосылды. Сондай-ақ шетелдік кәсіпкерлер Altyn Visa бағдарламасының игілігін қолдана алады. Бірегей визаның негізгі мақсаты – инвесторларға салық және көші-қон жеңілдіктерін ұсыну. Түрік кәсіпкерлерін осы мүмкіндікті пайдалануға шақырамын елордамызда Астана халықаралық қаржы орталығы (AIFC) белсенді жұмыс істеп жатқанын білесіздер. Бұл – инвесторлар мен кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсету үшін құрылған аймақтағы жетекші хаб. Орталық Ыстанбұл, Лондон, Дубай және Нью-Йорк қаржы орталықтарының үздік тәжірибесін қолдана отырып, ағылшын құқығына сәйкес жұмыс істейді. Мұнда 90-ға жуық елдің 5 600-ден астам компаниясы тіркелген. Соның ішінде қаржы, сауда, құрылыс және басқа да салаларда жұмыс істейтін 73 түрік компаниясы бар. Бұдан бөлек, Астана қаржы орталығы мен «Борса Ыстанбұл» биржасының арасындағы серіктестік нығаюда. Қазақстан түрік тың серпін береді деп сенеміз. Біз ашық әрі сенімді серіктес ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайынбыз. Сондықтан түрік компанияларын ұзақ мерзімге арналған ірі стратегиялық жобаларға атсалысуға шақырамыз» деді Мемлекет басшысы.

Режеп Тайип Ердоған бүгінгі келіссөздер барысында экономиканың түрлі салаларындағы ынтымақтастық мәселелері жан-жақты талқыланғанын жеткізді.

ALEM.AI ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоғанға еліміздегі басты технологиялық хабқа айналуды көздейтін орталықтың әлеуеті таныстырылды. Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев екі ел басшыларына музей экспозициясы мен ЖИ-кинотеатрын көрсетіп, орталықтың ұзақмерзімді даму стратегиясы туралы мәлімет берді. Сонымен қатар президенттерге Astana Smart City жобасы жөнінде баяндалды.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢҒЫРУ ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Кеше Түркістанда Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті өтті. Конгресс-холда мәртебелі меймандарды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев күтіп алды. Ең алдымен саммитке қатысушы елдердің делегация басшылары бірге суретке түсті. Одан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиында сөз сөйледі.



Президент Түркістандағы алқалы жиынға қатысуға келген Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің басшыларына ризашылығын білдірді «Түркістан – атажұртымыздың мызғымас темірқазығы. Екі дүние есігі, ер түріктің бесігі атанған шежірелі шаһар. Көне қала қашанда түбі бір түркі жұртының қасиетті қара шаңырағы саналған. Түркістан төріндегі Әзірет Сұлтан кесенесі – рухани тұтастық пен тарихи сабақтастық символы. Қожа Ахмет Ясауи бауырлас елдердің дүниетанымын кеңейтуге зор үлес қосты. Адамзатқа ортақ құндылықтарды барынша дәріптеді. Халықты жақсылыққа, жасампаздыққа, адалдыққа шақырды. Ғұлама ойшыл ислам дінін түркі жұртының таным-түсінігімен ұштастыра білді. Аса құнды еңбектер жазып, мол мұра қалдырды. Ясауидің тағылымды ойлары мен хикметтері – түркі халықтарының баға жетпес байлығы. Ұлы бабамыз дәріптеген құндылықтар әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан біз Ясауидің гуманистік идеяларына баса мән беріп отырмыз. Қазір елімізде «Адал азамат», «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» және басқа да бірегей бастамалар табысты жүзеге асырылып жатыр. Басты мақсатымыз – ұлт сапасын барынша жетілдіріп, мемлекеттігімізді нығайта түсу. Түптеп келгенде, осы ауқымды жұмыстың негізі Ясауи ілімінен бастау алады» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті биыл Ұлыстың ұлы күнінде осы киелі Түркістан жерінде «Qoja Ahmet Yasaui» орденін тағайындау туралы шешім қабылдағанын атап айтты. Осыған орай тиісті Заң қабылданды, арнайы Жарлыққа қол қойдым. Бұл күллі түркі дүниесі үшін мән-мағынасы айрықша марапат деп айтуға болады. Сол себепті кеше алғашқы мәртебелі награданы аса құрметті Президент Режеп Тайип Ердоғанға салтанатты түрде табыстадым. Осылайша, біз түркі руханиятының темірқазығы – Ясауи тұлғасын дәріптей отырып, халықтарымыздың арасындағы мызғымас бауырластық тамырын нығайта береміз деп сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы саммитте талқыланатын жасанды интеллект және цифрлық даудың өзектілігіне назар аударды. «Қазір бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған өзгерістермен бетпе-бет келді. Жаңа сын-қатерлер пайда болды. Дүние жүзінде технологиялық бәсеке күшейді, яғни, инновациялық тұрғыдан озық ел болу мақсаты алдыңғы қатарға шықты. Технологиялық даму кез келген мемлекеттегі тұрақтылық пен қауіпсіздік факторына айналды. Бұл – цифрлық трансформацияға дер кезінде бет бұрған елдер көш соңында қалмайды деген сөз. Сондықтан Түркі кеңесіне мүше мемлекеттер технологиялық жаңғыру үдерісінен тыс қалмауы үшін бірлесе жұмыс істеуі керек деп санаймыз. Жасанды интеллект пен цифрландыру үдерісі түркі әлемінің дамуына жол ашуға тиіс» деді Президент.


Одан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің цифрландыру және ЖИ саласындағы стратегиялық бағдарын баяндады. «Қазақстан цифрлық ел болуды көздеп отыр. Бұл – еліміздің алдында тұрған стратегиялық мақсат. Осы жыл Қазақстанда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Астанада Alem.ai жасанды интеллект орталығы ашылды. Сондай-ақ біз екі суперкомпьютерді іске қостық. Келесі қадам – «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру. Бұл жоба аймақ елдеріне жетекші технологиялық компаниялар мен жаһандық цифрлық капиталды тартуға зор мүмкіндік бермек. Біз Қазақстанды аймақтық хаб ретінде дамыту үшін көші-қон үдерісін оңтайландыра бастадық. Шетелден келген кәсіпкерлерге, инвесторларға, білікті мамандарға арналған «Алтын визаны» енгіздік. Мұндай виза алған адамдар мемлекеттік және қаржылық қызметтерге Қазақстан азаматтарымен тең дәрежеде қол жеткізе алады. Сонымен қатар елімізде Цифрлық кодекс қабылданды, Жасанды интеллект туралы заң күшіне енді. Біз білім саласындағы цифрлық инфрақұрылымды дамыту және озық технологияны меңгерген педагогтерді даярлау мәселесіне, білім беру жүйесін әр оқушының қабілетіне сай бейімдеу, олардың дербес деректерін қорғау ісіне ерекше мән беріп отырмыз. Осы мақсатпен мен жақында Жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл да Қазақстанның болашағы үшін жасалған өте маңызды қадам деп айтуға болады. Алдағы уақытта еліміздің цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітіледі. Таяуда Алматы қаласында Тұрақты дамуға ықпал ететін цифрлық шешімдер орталығы ашылды. Бұл бастама Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық экономикалық және әлеуметтік комиссиясының қолдауымен жүзеге асырылады. Қазақстанға тілектестік танытып, осы жобаның тең авторлары ретінде бұл жұмысқа мол үлес қосқандарыңыз үшін Сіздерге алғыс айтамын!» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Габалада өткен басқосуда цифрлық даму және киберқауіпсіздікке қатысты бірқатар бастама көтергенін еске салды. «Атап айтқанда, Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық мониторинг және Цифрлық инновациялар орталықтарын құруды ұсындым. Бұл орталықтар Ұйымға мүше мемлекеттердің өсіп-өркендеуіне цифрлық тұрғыдан тың мүмкіндіктер береді. Бұдан бөлек, сол алқалы жиында Киберқауіпсіздік жөніндегі кеңес құру қажет екенін айттым. Мұндай Кеңес елдеріміздің цифрлық әлеміндегі осал тұстарды анықтап, инфрақұрылымға төнетін қауіптің алдын алуға ықпал етеді. Осы құрылым арқылы Ұйымға мүше елдердің тиісті органдары жедел ақпарат алмаса отырып, жұмыс істей алады. Қазақстан бұл бастамалар бойынша тиісті тұжырымдамаларды әзірлеп, Ұйымға мүше мемлекеттерге келісу үшін жолдады. Аталған нақты шаралардың бәрі де елдеріміздің ортақ мүддесіне сай келеді. Сондықтан осы бағытта тиімді және белсенді әрекет етеміз деп ойлаймын» деді Қазақстан басшысы.

Президент ТМҰ аясында бірлесе іске асыруға болатын бірқатар ұсыныста ортаға салды. Қасым-Жомарт Тоқаев түркі елдерінің жасанды интеллект орталықтарының желісін құруды ұсынды.

«Білім-ғылым саласына қажетті мамандар даярлайтын оқу орталықтары мен ғылыми мекемелер керек. Өзара тәжірибе алмасу, бірлесіп кадрлар даярлау және озық технологияларды енгізу өте маңызды. Сондықтан Түркі елдерінің жасанды интеллект орталықтарының желісін құруды ұсынамын. Біз Қазақстанда жаңа форматтағы технологиялық оқу орны – Жасанды интеллект университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Жоғары оқу орнында түркі мемлекеттерінің азаматтарын оқыту үшін арнайы гранттар бөлуге дайынбыз. Бағдарламалау, жасанды интеллект және озық цифрлық технология салалары бойынша түркі елдерінің жастары арасында жыл сайын ғылыми-технологиялық олимпиада ұйымдастырған жөн деп санаймыз» деді Мемлекет басшысы.

№57 (4955) 16/05/2026 Сенбі



АСТАНА – МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихында Астананың орны ерекше. Елорда – жай ғана әкімшілік орталық емес. Бұл – еліміздің жаңа дәуірінің символы, мемлекеттілігіміздің берік тірегі, ұлттық жаңғыруымыздың нақты көрінісі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Астана – еліміздің жүрегі әрі болашаққа бастайтын стратегиялық бағдарымыз». Сондықтан елорданың дамуы әрқашан мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі болып қала береді.

Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақстан Республикасының астанасының мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасының қабылдануы – тарихи маңызы бар шешім. Бұл заң жобасы ең алдымен мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге, Астананың ерекше институционалдық рөлін нақты айқындауға және елорданың ұзақ мерзімді, орнықты дамуына құқықтық негіз қалыптастыруға бағытталған.

Астана – мемлекеттік басқарудың өзегі. Заң жобасында Астананың Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік институттары шоғырланған орталық ретіндегі мәртебесі нақты бекітіледі. Елордада Президент резиденциясы – Ақорда, Үкімет, Парламент, Жоғарғы Сот, Құрылтай және басқа да орталық мемлекеттік органдар орналасады.

Бұл – мемлекетті басқарудың тиімділігі мен үйлесімділігін қамтамасыз ететін маңызды институционалдық модель. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қуатты мемлекеттердің барлығы өз астанасының стратегиялық рөлін ерекше құқықтық деңгейде айқындайды. Өйткені астана – мемлекеттік шешімдер қабылданатын ғана орын емес, ол елдің ішкі тұрақтылығы мен халықаралық беделінің көрінісі. Бірыңғай сәулеттік саясат – сапалы қалалық ортаның негізі болып табылады. Заң жобасының маңызды бағыттарының бірі – елорданың сәулеттік келбетін жүйелі қалыптастыру. Қазіргі урбанистикада қаланың сыртқы бейнесі тек эстетикалық мәселе емес. Бұл – тұрғындардың өмір сапасына, инвестициялық тартымдылыққа және қоғамдық мәдениетке әсер ететін маңызды фактор.

Осыған байланысты заң жобасында Астананың бірыңғай дизайн-кодын енгізу қарастырылған. Ендігі жерде елордадағы барлық сәулет, қала құрылысы және құрылыс жұмыстары Бас жоспар мен мемлекеттік нормативтерге толық сәйкес жүргізілуі тиіс. Бұл қаланың архитектуралық тұтастығын сақтауға, ретсіз құрылысқа жол бермеуге, инфрақұрылымды жүйелі дамытуға, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Архитектуралық-қала құрылысы кеңесін құру ұсынылып отыр. Бұл кеңес – құрылыс жобаларын қарайды, урбанистикалық шешімдерге сараптама береді, қаланың сәулеттік келбетін сақтау бойынша ұсыныстар әзірлейді. Маңыздысы – кеңес жұмысына кәсіби сарапшылар мен қоғамдық ұйым өкілдерін тарту мүмкіндігі қарастырылған. Бұл шешімдердің ашықтығы мен сапасын арттырады.

Заң жобасында жер қатынастары мен коммуналдық меншікті басқару мәселелері де жаңа деңгейде қарастырылған. Атап айтқанда, мемлекеттік қажеттілік үшін жер учаскелерін алып қою рәсімдерін жүйелеу көзделеді. Бұл бағыттағы жұмыстар меншік иелерін алдын ала хабардар ету, нарықтық бағалау жүргізу, өтемақы төлеу, келіссөздер ұйымдастыру, соттағы құқықтық сүйемелдеуді қамтиды. Мұндай тәсіл азаматтардың құқықтарын қорғауға және рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар коммуналдық меншіктің нақты құрамы айқындалып, қала активтерін басқарудың құқықтық негізі күшейтіледі. Конституциялық заң жобасы Астанада жергілікті мемлекеттік басқарудың заманауи әрі кешенді моделін қалыптастыруға бағытталған.

Мәслихат пен әкімдікке, көлік жүйесін дамыту, тұрғын үй саясатын жүргізу, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, қала маңы аймақтарын дамыту, экологиялық тепе-теңдікті сақтау бағытында кең өкілеттіктер беріледі.

Сонымен қатар интеллектуалды көлік жүйелерін енгізу, автотұрақтарды басқару, жол қозғалысын цифрландыру, санитарлық тазалық, орман-саябақ аймақтарын қорғау мәселелері де қамтылған. Бұл – тұрғындарға жайлы әрі қауіпсіз қала қалыптастырудың маңызды алғышарты.

Бүгінде Астана – тәуелсіздіктің ең ірі жетістіктерінің бірі. Бұл – ұлттық рухтың, мемлекеттілдіктің және болашаққа деген сенімнің символы. Сондықтан елорданың дамуы тек құрылыс немесе инфрақұрылым мәселесі емес. Бұл – елдің стратегиялық болашағына қатысты мәселе.

«Қазақстан Республикасының астанасының мәртебесі туралы» Конституциялық заң елорданың құқықтық тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның ұзақ мерзімді дамуына берік институционалдық негіз қалайды деп сенемін.

Ең бастысы, Астана тұрғындарға жайлы, қауіпсіз, жасыл әрі заманауи қала болуы тиіс. Өйткені қуатты мемлекет, ең алдымен, өз астанасының сапасымен танылады.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты

ЖИ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ БАСҚАРУҒА СЕПТЕСЕДІ

Астана қаласының мәслихатында Кендебай Адамбектің төрағалығымен бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның «Жасанды интеллект базасында қалалық инфрақұрылымды басқаруға арналған шешім» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру туралы» тақырыбында отырысы өтті.

Жоба қалалық ортаны цифрлық түрлендіру шеңберінде іске асырылуда және заманауи зияткерлік технологияларды енгізу арқылы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Тұрақты комиссияның төрағасы отырысқа дайындық аясында депутаттар Smart Citi шеңберінде іске асыруға жоспарланған бірқатар нысандарды аралағанын атап өтті.

Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Берік Ахметов баяндама жасады. Ол қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру, қалалық инфрақұрылымды басқару тиімділігін арттыру және заманауи цифрлық шешімдерді енгізу мақсатында, «Жасанды интеллект базасында қалалық инфрақұрылымды басқаруға арналған шешім» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы іске асырылып жатқанын атап өтті.

Тұрақты комиссия төрағасының пікірі бойынша, жоба оқыс оқиғалар мен қауіптерді ертерек анықтауға, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік деңгейін және қалалық қызметтер жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Жиында бейіндік комиссияның төрағасы жобаның маңыздылығын тағы бір рет талқылау және оның негізгі мақсаттары мен артықшылықтарын оларға жеткізу үшін мемлекеттік құрылымдардың басшыларымен кездесу ұйымдастыруды ұсынды.

ДЕПУТАТ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Астана қаласы мәслихатының депутаты Алтыншаш Табулдина елорданың Белсенді өмір сүру орталығының Сарыарқа ауданы бойынша әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімінің зейнеткерлерімен есептік кездесу өткізді. Тағылымды іс-шара Музыкалық жас көрермен театры ғимаратында ұйымдастырылып, оған ардагерлер, қоғам белсенділері мен қала тұрғындары қатысты.

Кездесудің басты мақсаты – аға буын өкілдеріне көрсетіліп жатқан әлеуметтік және сауықтыру бағытындағы жұмыстарды таныстырып, атқарылған істерді саралау және алдағы жоспарлармен бөлісу болды. Іс-шара барысында зейнеткерлердің белсенді өмір салтын қалыптастыру, денсаулығын нығайту және қоғам өміріне араласуын арттыру мәселелері кеңінен сөз болды.

Алтыншаш Табулдина әлеуметтік саладағы маңызды бастамаларға тоқталып, ардагерлерге жасалып жатқан қолдау шаралары жөнінде баяндады.

«Бүгінде Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары жай ғана бос уақыт өткізетін орын емес. Бұл аға буын өкілдерінің араласатын, бір-біріне қолдау көрсететін, шығармашылықпен айналысып, белсенді өмір салтын ұстанатын, жаңа орта табатын маңызды кеңістікке айналды» деді депутат.

Іс-шараға қатысқан Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, қалалық мәслихат депутаттары Кендебай Адамбек, Асқар Смағұлов, Динара Оразалина аға буынға арналған жобалардың маңыздылығын атап өтті. Сарыарқа ауданы бойынша әлеуметтік қызметтер көрсету бөлімінің басшысы Кенжеболат Бәпішев орталықтың атқарған жұмыстары туралы есеп берді.

Кездесудің тәжірибелік бөлімінде орталықтағы сауықтыру бағыттарының көрсетілімдері ұсынылды. Қатысушылар «Айкүне» сауықтыру жаттығуы, йога және «Денсаулық гармониясы» клубының оңалту гимнастикасымен танысты. Мамандар бұл жаттығулардың омыртқа саулығын жақсартып, буын қозғалысын қалыпқа келтіруге және жалпы денсаулықты нығайтуға оң әсер ететінін атап өтті.

«Тағылымы мол шара аға буын өкілдерінің қоғамдағы белсенділігін арттырып, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға бағытталған маңызды кездесу ретінде есте қалды» деп ойын түйіндеді Орталық директоры Серік Қарабатыров.

ЖОЛ ОЙЫН ЕМЕС

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп-лицейінде Астана қаласы әкімдігінің «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ ұйымдастыруымен «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Жол – ойын емес!» атты іс-шара өтті.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Астана қаласы әкімдігінің «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» мен «City Transportation Systems» (CTS) ЖШС бірлесе отырып, оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесу қонақтары «CTS» ЖШС Көліктік бақылау департаментінің



өкілдері Жадыра Алмасқызы, Талғат Наурызбаев, Ербол Досымбаев, Марат Нұрмағамбетов.

Іс-шара барысында оқушыларға жолда жүру қағидалары, қауіпсіз мінез-құлық нормалары, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, сондай-ақ заң талаптарын сақтау мен құқықтық жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жол ережелерін бұзудың салдары, әкімшілік жауапкершілік мәселелері де кеңінен қамтылды.

Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп-лицейі директоры Альбина Нартаева ой бөлісті.

«Жол қауіпсіздігі – қоғам үшін аса маңызды мәселе. Әрбір адам жолда жүрген кезде тек өз өміріне ғана емес, айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне де жауапты екенін ұмытпауы керек. Әсіресе, жас ұрпақтың жол ережелерін жетік біліп, оны күнделікті өмірде сақтауы – болашақтағы қауіпсіз қоғамның кепілі. Бүгінгі воркшоп (workshop) барысында оқушылар өз білімдерін ортаға салып, түрлі тапсырмалар арқылы жолдағы қауіпті жағдайларды ажыратуды, дұрыс шешім қабылдауды үйренеді деп сенемін. Мұндай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар балалардың жауапкершілігін арттырып, сақтық мәдениетін қалыптастыруға үлкен үлес қосады» деді ол.



ТОПЫРАҚ ТОЗБАСЫН ДЕСЕК...

Қазіргі уақытта әлемдік ауқымда халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету – өзекті мәселе, өйткені планетада халық саны тым көп. Тиісінше, топыраққа артық салмақ түскен әрі жер алқаптарының тозу процесі жүріп жатыр. Сол себепті топырақ құнарлылығын сақтау аса маңызды.

Айгүл УАЙС

Эрозияға ұшыраған, тұзданған, ластанған және шөлейттенген жерлер аумағының ұлғаюына, топырақтың үздіксіз пайдаланылуына байланысты ондағы қарашірік (гумус) мөлшерінің азаю үрдісі байқалады. Топырақ орта есеппен қажетті көлемнің тек 10%-ын минералды заттардан және 20%-ын органикалық тыңайтқыштардан алады. Бұдан бөлек, минералды негіздегі құралдарды шамадан тыс әрі тиімсіз пайдалану, сондай-ақ пестицидтерді қолдану топырақтың ауыр металдармен ластануына ықпал етеді. Аталған мәселелерді шешу үшін органикалық және минералды заттардың әсерін біріктіретін, бірақ топыраққа зиянды қоспалары жоқ био, микробио және құрамында гуматы бар өнімдер қолданылады. Бұл оларды егіншіліктің кез келген жағдайында қолдануға мүмкіндік береді, сонымен бірге топырақ құрылымы мен оның агрохимиялық, агрофизикалық және биологиялық сипаттамалары жақсарып, ондағы гумус мөлшері артады, детоксикация мен эрозия деңгейі төмендейді. Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді бүкіл әлемде қолдану олардың гумус пен топырақ микроорганизмдеріне теріс әсерін көрсетті. Сондықтан топырақ құнарлылығын сақтау, жоғары сапалы ауыл шаруашылығы өніміне қол жеткізу және жаңа әзірлемелерді енгізу уақытын қысқарту үшін профессор Сұлтан Усманов ең алдымен осы өнімдердің топырақ құнарлылығына әсерін зерттеуді ұсынды. Өзі даярлаған ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға арналған MERS микробиотыңайтқышы мен Biobars-M биотыңайтқышының агрохимия, биология, экономика және экология тұрғысынан тиімділігін анықтау бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар ондаған жылдар бойы (2003-2013 жж.) А.И.Бараев атындағы Астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығында, Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында, оның ғылыми-өндірістік орталығында, Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында, Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында, Ө.У.Успанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институтында, Егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында, Арал агроэкология және егіншілік ғылыми-зерттеу институтында тәжірибеден өтті.

Бүгіндері «Ана-жер» ғылыми-өндірістік қауымдастығының бас директоры, «Ә.Б.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты» АҚ бейорганикалық синтез және материалдар зертханасының бас ғылыми қызметкері, техника ғылымдарының докторы, профессор Сұлтан Усманов 1964 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Ташкент политехника институтын «инженер-технолог» мамандығы бойынша бітірді. 1969 жылдан 1992 жылға дейін Ауыл шаруашылығы министрлігінің Бүкілодақтық мақта өсіру институтында және Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Химия институтында зертхана меңгерушісі дәрежесіне дейін көтеріліп, қызмет етті. 1992 жылдың сәуірінде ол Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының жаңадан ұйымдастырылған тыңайтқыштар институтының директоры болып сайланып, оны 1997 жылдың қыркүйегіне дейін басқарды. Осы жылдары Сұлтан Усманов Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түрікменстан Республикаларының 05.17.01 мамандығы бойынша докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі аймақтық мамандандырылған кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

Тәжірибелі ғалым аз қалдықты, энергия үнемдейтін технологиялар үшін іргелі және қолданбалы қағидаттарды әзірлеу, өндіріс орындарын құру және бақыланатын компоненттік құрамы мен көрсетілген қасиеттері бар отандық минералды, био, микробио, органоминералды және баяу бөлінетін тыңайтқыштар мен пестицидтерді даярлап, оны таратумен айналысты.

Сұлтан Усмановтың ғылыми еңбектеріне 17 кітап, оның ішінде 3 бірлескен авторлық, 1 монография, 6 брошюра, 490 мақала, 54 КСРО өнертапқыш куәлігі, Қазақстан Республикасының өнертабысына 10 патент, Қазақстан Республикасының өнертабысына 20 инновациялық патент, 2 Еуразиялық патент және Өзбекстан Республикасының өнертабысына 4 патент кіреді. Оның басты миссиясы – парниктік әсерді азайтуға, топырақ құнарлылығын сақтауға, экология жағдайын жақсартуға, суару суы мен топырақ ылғалының тапшылығы жағдайында әлемдік қауымдастықты жоғары сапалы, экологиялық таза азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының, сондай-ақ Түрікменстан мемлекетінің қатысуына үлес қосу. Осы ретте өндіріс және қолдану технологияларының ғылыми негіздерін қалыптастыру, өндіріс орындарын салу және Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының, Түрікменстан мемлекетінің, ТМД-ның дақылдар өндірісі нарықтарына отандық өндіріс биоөнімдерін, биотыңайтқыштарды және биопестицидтерді ілгерілету – негізгі мақсат. Бұл биоөнімдер өсімдіктердің жеткілікті қоректенуін қамтамасыз етеді және жаңбырлы жерлерде жоғары сапалы дақылдардың өнімділігін 25-40%-ға дейін және суармалы жағдайларда 50-70%-ға дейін немесе одан да көп арттырады, сонымен бірге суару суына деген қажеттілікті 25-40%-ға және минералды тыңайтқыштарға деген қажеттілікті 1,5-3 есеге азайтады.

– Импорт өнімдерін жасау технологиясының басты кемшілігі химиялық заттардың топырақ құнарлылығы мен микроорганизмдерге әсері туралы зерттеулердің болмауы екенін ерекше атап өткен жөн. Біз ұсынған жаңа өнімдерді жасау процесіндегі маңызды жаңалық – зерттеудің реті. Ең алдымен, өнімдердің топырақтағы гумус құрамына және микроорганизмдер санына әсері зерттелді. Тек оң нәтижеге қол жеткізгеннен кейін ғана өнімдердің токсикология, гигиена, биология және агрохимия сипаттамасын анықтау бойынша зерттеулер жалғасты. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өнімдерді пайдалануына әсер ететін факторлар анықталды және олардың сенімін біртіндеп арттыру процесі жүргізілді. Бұл әзірлеу мерзімін қысқартуға және отандық биологиялық өнімдер мен өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіруге арналған инновациялық жобалар мен технологияларды жасауға мүмкіндік берді, – дейді өнертапқыш ғалым.

Бұл биотыңайтқыштар ең алдымен фермерлердің бәсекеге қабілетін арттырады. Яғни топырақ ылғалының жоғалуын азайту, топырақ құнарлылығын арттыру арқылы одан түскен өнімнің пайдасын 40-70%-ға арттыру және 50% немесе одан да көп шаруашылықтардың қаржылай тұрақтылығын арттыру көзделген. Бұл дегеніміз – ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін несиені қайтару тәуекелін 40-70%-ға, өндіріс шығынын 15-20%-ға, өсімдік өнімдерінің сату бағасын 30-40%-ға төмендетуге және азық-түлік, химия, басқа да салалардың бәсекеге қабілетін 25-40%-ға арттыруға болады деген сөз.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ ҚАЙТА ҚАРАЛАДЫ

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану үшін төменгі жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесін қайта қарау мәселесіне қатысты түсініктеме

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі зейнетақы жүйесін жаңғырту бағытында, оның ішінде зейнетақы жинақтарын пайдалану тетіктерін жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізуде.

Зейнетақы жинақтары ең алдымен азаматтарды зейнет жасына жеткеннен кейін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге арналған. Мемлекеттің міндеті – азаматтарға қартайған шақта қаржы тұрақтылығы мен лайықты төлемдерге кепілдік беру.

Зейнетақы жинақтары – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бұл азаматтардың (салымшылардың) зейнет жасына жеткенде тұрақты табыспен қамтамасыз етілуі үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында (БЖЗҚ) арнайы жеке шоттарда жинақталатын қаражаты. Бұл жинақтар – салымшының жеке меншігі және мемлекет олардың сақталуына кепілдік береді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 220-бабының 3-тармағына сәйкес, міндетті зейнетақы жарналары салымшысының жеке зейнетақы шотындағы міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы жинақтарының сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалған зейнетақы жинақтарының төменгі жеткіліктілік шегінен асса, өзінің немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында және (немесе) өзі немесе жұбайы (зайыбы) немесе жақын туыстары үшін емделуге ақы төлеу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалануға болады.

Төменгі жеткіліктілік дегеніміз не және ол қалай анықталады?

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 1-бабы 1-тармағының 75) тармақшасына сәйкес, зейнетақы жинақтарының төменгі жеткіліктілік шегі – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен емес ай сайынғы зейнетақымен қамсыздандыруға қажетті міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының ең төмен мөлшері.

Зейнетақы жинақтарының төменгі жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №521 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерін және біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларымен реттеледі. Бұл ретте төменгі жеткіліктілік шегін есептеудің қолданыстағы тәртібі азаматтың тұрақты жұмыспен қамтылуы мен еңбек қызметі барысында міндетті зейнетақы жарналарының үздіксіз аударылуы туралы болжамға негізделген. Осыған байланысты әдістемені қайта қарау әсіресе жас азаматтар үшін өзекті болып отыр, себебі олардың болашақ зейнетақысы екі құрамдас бөліктен қалыптасады: базалық – мемлекет есебінен және жинақтаушы – зейнетақы жарналары есебінен. Болашақта зейнетақы төлемдерін қамтамасыз етуде жинақтаушы компонент шешуші рөл атқарады.

Неліктен әдістеме қайта қаралады және қандай өзгерістер күтілуде?

Іс жүзінде азаматтардың еңбек қызметі әрдайым үздіксіз бола бермейді. Жұмыссыздық кезеңдері, тұрақсыз табыс немесе зейнетақы жарналарын төлеудегі үзілістер кездеседі. Қолданыстағы әдістеме бұл факторларды толық көлемде ескермейді. Сонымен қатар шекті мәндердің ұлғаюы соңғы 3 жыл ішінде ең төменгі жеткіліктілік шегінің қайта қаралмағанымен де байланысты. Осыған байланысты төменгі жеткіліктілік шегін есептеу әдістемесін қайта қарау туралы шешім қабылданды. Жаңа әдістеме өмір сүру ұзақтығын, зейнетақы активтерінің кірісін және болашақ зейнетақы төлемдерінің параметрлерін ескере отырып, неғұрлым дәл және экономикалық негізделген актуарлық есептеулерге сүйенеді.

Өзгерістердің негізгі мақсаты – азаматтар зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдаланған жағдайда да, болашақта олардың лайықты зейнетақымен қамтамасыз етілуі. Бұл ретте зейнетақы жинақтары кез келген уақытта ағымдағы шығындарға жұмсай салатын депозит емес. Мемлекет азаматтардың ұзақ мерзімді мүддесін жүйелі түрде қорғайды, қартайғанда өзін қаржы тұрғысынан сенімді сезінуі үшін оларға жағдай жасайды.

Азамат МЕЛЛЕШОВ,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Астана қаласы бойынша департаменті зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы



БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРАДЫ

Бүгінде білім беру саласын цифрлық технологиялар мен ЖИ элементтерінсіз елестету мүмкін емес. Мектеп басшысы ретінде оқушыларға заман талабына сай XXI ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған сапалы білім беру ортасын қалыптастыруды маңызды міндеттердің бірі деп санаймын.

Мемлекет басшысы «ҚР-ның орта білім беру жүйесіне ЖИ-ді енгізу жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл – еліміздің білім саласын инновациялық жүйелер арқылы дамытудағы маңызды қадам. «Келешек мектептері» жобасы аясында мектебіміз STEM-білім беру, робототехника, инженерлік ойлау және цифрлық құзыреттіліктерді дамыту бағытында заманауи білім беру шешімдерін белсенді енгізуде. Бүгінде мектеп Ы.Алтынсарин академиясымен, Google for Education, Roqed AI, Dana Tiin, Just EDU, Kepler Vision халықаралық және отандық білім беру платформаларымен бірлескен қанатқақты жобаларды табысты жүзеге асыруда. STEM және робототехника бағыттарына ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар дрондарды басқару бағыты белсенді дамып, оқушыларға заманауи инженерия және технология салаларын меңгеруге мүмкіндік берілуде. Қазіргі уақытта мектепте екі заманауи білім беру кеңістігі апробациядан өтуде. Негізгі бағыттардың бірі – білім беру процесінде AI-аналитиканы қолдану. Бейнеаналитика оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін, қызығушылық деңгейін және оқу процесінің динамикасын талдауға мүмкіндік береді. AI-жүйелер аналитикалық есептер қалыптастырып, проблемалық аймақтарды анықтауға және педагогтарға оқыту тиімділігін арттыру бойынша қосымша мүмкіндік ұсынады. Барлық технология тек білім беру және талдау мақсатында, құпиялылық пен цифрлық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып қолданылатынын атап өткен жөн. ЖИ мен заманауи технологияларды білім беру процесіне енгізу білім сапасын арттыруға, педагогтардың кәсіби дамуына және бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге жаңа мүмкіндіктер ашады деп сенемін. Қазіргі мектеп – бұл әрбір оқушы үшін даму, технология және мүмкіндіктер кеңістігі.

Алма ЖҰМАБЕКОВА,
Астана қаласындағы №101 жалпы орта білім беретін мектеп директоры

№57 (4955) 16/05/2026 Сенбі

ШӘКЕННІҢ ШӘКІРТІ

Мурат Ахмадиев Қытайдан өткенде 10 жастағы бала-тын. Олар Алматыға келіп орналасты. І Алматыда Сұлтанқорған дейтін жер бар. Ұйғырлардың баяғыдан қоныстанған ауданы. Мурат осы жерде мектепке барды, осы жерде әртүрлі үйірмеге қатысып, өлең айта бастады. Әсіресе композитор Аркадий Островский мен Лев Ошаниннің шығармасы Мурат үшін үлкен баспалдақ болды.



«Әрқашан күн сөнбесін,
Аспаннан бұлт төнбесін,
Қасымда болсын мамам,
Болайын мен де аман».

Бұл ән жас баланың тағдырында үлкен рөл атқарды. Көп ұзамай қара торы бала жайлы фильм-концерт түсірілді. Жас әнші онда ағылшын, итальян, орыс, корей, қазақ, өзбек тілдерінде өлең айтты. Көп ұзамай ол концерт Орталық телевидениеден орындалған. Мурат салған әндер, әсіресе итальянша айтатын «Санта Лючия» ел-жұрт сүйіп тыңдайтын, бүгінгі тілмен айтқанда «хит» болатын.

Көп ұзамай М.Горький атындағы киностудиядан режиссер Александр Курочкин Алматыға арнайы келіп, Муратты Мәскеуге алып кетті. «Тайга неге үндемейді?» киносы сонау тайгадағы балалардың шым-шытырыққа толы фильмі жайлы еді. Мурат күзде Алматыға қайта оралды.

Шәкен Айманов бұл кезде «Қазақфильмге» біржола ауысқан. Олжас Сүлейменов өзінің атақты поэмасынан соң «Қазақфильмге» бас редактор болған шағы. «Атамекен» осы екі тұлғаның бірлескен жобасы-тын. Басты рөлде Елубай Өмірзақов пен Юрий Померанцев түсті. Баланың рөліне Шәкен Айманов Муратты алды. Шәкен Кенжетайұлы тек талантты режиссер ғана емес, ұлағатты ұстаз, мықты психолог еді. Фильм-концертті көрген Шәкен Муратты студияға «пробаға» шақырған.

– Так, былай болсын, бала! Сен өзіңнен 4-5 жас үлкен қызға өз сезіміңді, жақсы көретініңді білдіруің керек. Қане, баста! Бұл – жас актердің Александр Курочкиннің мектебінен өтіп келген кезі. Үйренгені кинода дәл өмірдегідей, яғни шынайы болуы шарт. Мурат бастап кетті. 1, 2, 3, 4-минуттар. Мурат өзінше импровизацияға көшті.

– Стоп, стоп! – деп Айманов қасындағы оператор Марк Берковичке бірдеңе деп сыбырлады да, «сен өттің» деді.

Айманов Ахмадиевті киноға осылай алып келді. Фильм Мәскеу, Ленинград және Кентауда түсірілді. Бұл жас актер үшін шын бақыт болатын. Шәкен Айманов Муратты өз баласынан артық жақсы көрді, үйретті, ақылын айтты, шынайы қамқоршысына айналды. Мурат режиссер ағасының «Тақиялы періштесінде» тағы түсті, ассистенті болды.

«Сенен үлкен режиссер жасаймын. Болашақта ұйғырдан шыққан чоң режиссер боласың» дейтін. Үлкен тұлғаның ел білмейтін тағы бір қыры – ол Муратты өзінің баласы қылып үйіне тұрғызды, қамқоршысы, тәлімгері болды. Шәкен ол кезде жалғыз тұратын. Мурат ағасына көмекшісі де, сырласы да, сырын тыңдар мұңдасы да бола білді. Ұйғырлардың отбасында тамақ істемейтін адам жоқ. Мурат та сол ас үйде тыным таппайды. Кейде көк базардан ет, жеміс-жидек, азық-түлік әкеледі де, тамақ жасайды. Еттің көбігін қалай алу керек екенін ағасы үйретті. Шәкен де ет асудан пысық-тын.

Ахмадиевтің өмірінде екі адам үлкен із қалдырды: олар – анасы Тұранқыз бен Шәкен. Анасы тек дарынды актриса ғана емес, оқыған-тоқығаны мол білімді кісі-тін. Мурат алғаш рет «12 мұқамды» анасынан естіді. Бұл – ұйғыр халқының ғасырдан-ғасырға жеткен інжу-маржаны. Қырғызға «Манас» қаншалықты қымбат болса, «12 мұқам» ұйғыр еліне соншалықты қымбат. Оның тарихы тым терең: 1500, кей деректе 2000 жылдық тарихы бар делінеді. XVI ғасырда өмір сүрген өз заманының әнші, биші, ғалымы, меценаты, алғаш рет ұйғыр елінің мәдени байлығын жинастырған – Аманиса хан. Ол – тарихта Жаркент провинциясындағы әміршінің әйелі ғана емес, осы мұқамдарды зерттеп-жинаған, қағазға түсіріп, таңбалаған тұлға. Мурат кейін «Яшлык» ансамблін құрғанда репертуарға кірген әуендердің бірі осы мұқамнан басталған. Бұл анасының айтқан мақамдары-тын.

Әрине, Мураттың ержетіп, азамат болуына одан кейін әсер еткен қазақтың даңқты режиссері Шәкен Айманов еді. Шәкең оған қазақ әндерін таныстырды. Домбыра мен киноны, шахмат пен преферансты көрсетті. Өзінің жора-жолдастарымен, әріптес-әртістерімен дәмдес қылды. Алайда Шәкен ағасы жөн сілтеген, сенім артқан «кинорежиссер боласың» деген арманы Мәскеудің М.Горький көшесінде режиссер апатқа ұшыраған ақ қарда біржола қалды.

Қазақстанда – «Дос-Мұқасан», ал Өзбекстанда «Ялла» дүрілдеп шыға бастаған 70-жылдардың басында студент Ахмадиев көп ойланды. «Неге бізде осындай вокалды-инструменталды ансамбль жоқ?» деген ой оған маза бермеді. «Дос-Мұқасанның» әр әні оның жанын тырнап, тынышын алған, тығырықтан шыға алмай шыр айналған. Ақыры әрлі-берлі іздестіріп, 5-6 жігіттің басын құрады. Біреуі гитарада, біреуі ионикада, енді бірі барабанда ойнады, ешкімде арнайы білім жоқ. Қазақша айтқанда, оннан-мұннан жиналғандар-тын. Атақты «Яшлык» солай дүниеге келді...

Екі шақырылымда Парламент депутаты болған Мурат ака бүгінде демалыста, елордада тұрады. Өзінің театрына көп бармайды. Дегенмен онда Мурат іздері сайрап жатыр...

«Яшлык»-тың тәржімәсі – жастық. Ал Мураттың жастығы – ел ішінде, көрерменнің көңілінде. Сондықтан Мурат Ахмадиев бүгін ақсақал болғанмен, оның жастығы, яғни «Яшлыгы» ұйғыр елінің махаббатында, мәңгілік жүрегінде...

Талғат ТЕМЕНОВ,
Қазақстанның халық әртісі, кинорежиссер

Елордада ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның 160 жылдығына арналған «Алаш және экономика» деректі фильмінің таныстырылымы өтті. «Ақ жол» демократиялық партиясының қолдауымен түсірілген туындының авторы, журналист Серік Жолдасбай бұған дейін «Алаш және дін» фильмін ұсынған еді. Қос туынды да алаштануға қосылған үлкен үлес.

«АЛАШ және ЭКОНОМИКА»

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жаңа туындыда филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай бастаған алаштанушы, тарихшы, экономист ғалымдар Алаш қайраткерлерінің елдің әл-ауқатын көтеру жолындағы еңбегі жөнінде әңгімелейді. Тұрсын Құдакелдіұлы Алаш ардақтылары жерді



арқылы көркейеді» дейді. Бұған Ахмет Байтұрсынұлы «Шаруашылық өзгерісі» атты мақаламен үн қосады. «Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек» дейді ұлт ұстазы.

Деректі фильмде Алаш қайраткерлерінің бейнесін басты байлық деп есептегенін айта келе, Әлихан Бөкейханның бұл туралы жазған сөздерін келтірді.

«Жер, жер және жер! Өйткені жерсіз Отан жоқ! Жерсіз адам жоқ! Жерсіз мемлекет болмайды! Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалуы керек! Қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып тоқылып киілуі керек. Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді» деп жазған еді ұлт көсемі. Яғни Алаш қайраткерлері қазақтың ұлт ретіндегі азаттығын ғана емес, экономикалық тәуелсіздікті де ойлады. Осы жолда ізденіп, зерттеулерді жүргізді, мақалаларды жазды. Мәселен, өз кезінде Әлихан Бөкейханның «Қазақ» газетінде «Игілікті іс» атты мақаласы жарық көрді. «Игілікті іс халық өзі қызмет қылса, өзі талаптанса ғана орнына барады» дейді онда автор.

Міржақып Дулатұлы 1914 жылы «Қазақ» газетінде шыққан «Кооперация, яғни бірігіп іс жүргізу» атты мақаласында «Қазақ шаруасы кооперация елорданың Музыкалық жас көрермен театрының әртістері сомдап шықты. Спикердің бірі – әлихантанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы Әлихан Бөкейханның қазақ экономикасына қосқан үлесі туралы әңгімелейді. Бұған қоса, экономист Мақсат Халық, т. б. ғалымдар «Алаш және экономика» тақырыбын тарқатады. Туындыда XX ғасыр басында қазақтан шыққан ауқатты адамдар, олардың еңбегі жөнінде де сөз етіледі. Мәселен, осы Ақмоладан шыққан Баймұхамбет (Байкөп) және оның ұлы Құрманғали Қосшығұловтар туралы журналист Ерлан Күзекбай айтады. Сұлтанхан Аққұлұлы биыл Әлихан Бөкейханның 160 жылдығын лайықты атап өту үшін жұмыстар қолға алынғанын, 21 томдығын шығару жоспарланып отырғанын жеткізді.

Туындының түсірілімін Астана қаласы Музыкалық жас көрермен театрының директоры Асхат Маемиров, елорданың Өнер музейінің директоры Баянды Сахария, басқа да азаматтар қолдау көрсетті. Бас редакторы – журналист Дәурен Дәриябек. Фильм авторы Серік Жолдасбай соларға алғыс айта келе, алдағы күндері фильм YouTube арнасына жарияланатынын жеткізді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘРІПТЕЛДІ

Астананың №93 «Айгөлек» балабақшасында «Ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде жасанды интеллектіні пайдалану» тақырыбында қалалық семинар өтті.



Іс-шара «AI және шығармашылық: балаларға арналған креативті шеберхана» эксперимент алаңы негізінде ұйымдастырылды.

Аталмыш балабақшаның меңгерушісі Әлия Темірболаттың айтуынша, семинардың негізгі мақсаты – жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің тиімді әдістерін анықтау. Сонымен қатар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен жасанды интеллектті ұштастыру.

– Ұлттық құндылық – қазіргі таңда өте өзекті, көкейтесті мәселе. Білімнің баспалдағы балабақшадан басталса, балалардың бойына ұлттық құндылықты, ұлттық тәрбиені, отаншылдық сезімді себу аса маңызды. Қазақ екенімізді осындай семинарлар арқылы көрсетіп, балдырғандарға сіңіреміз деп ойлаймын. Қазіргі заман сұранысына сай ұлттық құндылықты жасанды интеллектпен ұштастырсақ, балаларға қызықты болады, тәрбиеші-педагогтардың жұмысына жаңашылдық енеді. Сол мақсатта мекемемізде «Балабақша – ата-ана – бала» атты жоба аясында ата-аналармен бірігіп жұмыс істеп жатырмыз. Осы жолда балаға білім және тәрбие беру бағытында ата-аналар бізден үйренеді, біз олардан үйренеміз, – деді Әлия Темірболат.

Семинар бірнеше бөлімге бөлінді. «Оюлар әлемі», «Мейірімділік – асыл қасиет», «Абай әлемі» аталған ұлттық құндылықтарға негізделген бөлімдерде балабақша мамандары балдырғандармен жұмыс істеді. Тәжірибелі тәрбиеші-педагогтар «ЖИ мүмкіндіктерін қалай тиімді пайдаланамыз?», «ЖИ арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу», «ЖИ арқылы ертегі құрастыру», «Балаларға ұлттық ойындарды меңгертуде ЖИ-ді қолдану» тақырыптарында шеберлік сабағын өткізді. Балдырғандар өз өнерін көрсетіп, жиналғандарды тәнті етті.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

12.05.2026 №503-1604

Астана қаласында жолаушылар мен багажды жеңіл рельсті көлікпен тасымалдауға арналған тарифтердің кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасындағы көлік туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласында жолаушылар мен багажды жеңіл рельсті көлікпен тұрақты әлеуметтік маңызы бар тасымалдауға арналған жол жүру тарифі мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) қолма-қол ақшасыз және қолма-қол төлеммен – 200 (екі жүз) теңге;

2) жеңілдікті көлік картасымен төлеген кезде – 0 теңге.

2. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.К. Өтебаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім Ж. Қасымбек

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

30.04.2026 №510-1517

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Инженерлік желілер мен коммуникациялар» объектісін төсеу және пайдалану үшін Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Ш. Қалдаяқов көшесі, Тәуелсіздік даңғылынан С. Шаймерденов көшесіне дейінгі мекенжайында орналасқан ауданы 44,6380 га, жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, меншік иелеріне көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскесін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 40,4224 га мемлекет меншігіндегі жерлерге жер учаскелеріне қауымдық сервитут шартын жасасын.

4. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «30» 04
№ 510-1517 қаулысына
қосымша

Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі / жер пайдаланушы	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	5	6	7	8
1.	21-318-082-949	«Центрстрой-Комплект НС» ЖШС	484	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Проектировщик-2» бағбандық қоғамы, №205 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
2.	21-318-082-892	«Центрстрой-Комплект НС» ЖШС	547	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Проектировщик-2» бағбандық серіктестігі, №139 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
3.	21-318-082-150	Кнауб Тамара Ивановна	610	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Проектировщик-2» бағбандық қоғамы, №149 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
4.	21-318-082-894	Железнякова Людмила Петровна	600	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Проектировщик-2» бағбандық серіктестігі, №142 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
5.	21-318-086-370	Ибраева (Шынтемирова) Раушан Ахановна	747	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Цтэц-2» бағбандық серіктестігі, №303 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
6.	21-318-092-333	«ANB-2007» ЖШС	247	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» тұтыну бау-бақша кооперативі, Лесная көшесі, №229 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
7.	21-318-091-671	Власова Диана Олеговна	134	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Целинник-2» тұтыну кооперативі, №179 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
8.	21-318-093-490	«JNB-2007» ЖШС	754	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Снабженец» бағбандық серіктестігі, №73 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
9.	21-318-096-480	«Антарес-НС» ЖШС	8	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Веселая көшесі, №119 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
10.	21-318-096-444	Мухаметжанова Айдана Ринатовна	36	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Садовая көшесі, №79 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
11.	21-318-082-690	Жуков Владимир Романович	590	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Проектировщик-2» бағбандық серіктестігі, №136 құрылым	Бағбандық	Жеке меншік
12.	21-318-086-1141	Сулейменов Алмаз Кабдулович, Сулейменова Жанна Викторовна	62	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Строитель» бағбандық серіктестігі, №58/1 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
13.	21-318-096-186	Нурмагамбетова Куралай Талгатовна	470	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, №118 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
14.	21-318-094-851	Хасенов Корганбек Тасболатұлы	148	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Газовик» СУИТК, №172 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
15.	21-318-082-753	«Астана Недвижимость» ЖШС	1447	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, №52А учаске	Тұрғын үй мақсатындағы объектілер кешенін жобалау және салу	Жеке меншік
16.	21-318-092-327	Суслова Галина Михайловна	610	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» бағбандық серіктестігі, №357 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
17.	21-318-092-044	Кружина Асия Миннехаковна	574	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» СУИТК, №301 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
18.	21-318-086-162	Бекмагамбетова Сара Оспановна	846	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Строитель» бағбандық серіктестігі, №90 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
19.	21-318-096-479	«Антарес Проект KZ» ЖШС	841	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Веселая көшесі, №117 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
20.	21-318-082-1043	«РА Аймақ - Жарнама» ЖШС	1,5	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, №56Л учаске	Абаттандырумен жарнама-ақпараттық объектісін орналастыру	25.12.2030 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру бас-талғанға дейін)
21.	21-318-082-1044	«РА Аймақ - Жарнама» ЖШС	1	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, №56К учаске	Абаттандырумен жарнама-ақпараттық объектісін орналастыру	25.12.2030 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру бас-талғанға дейін)
22.	21-318-082-1045	«РА Аймақ - Жарнама» ЖШС	1,5	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, №56М учаске	Абаттандырумен жарнама-ақпараттық объектісін орналастыру	25.12.2030 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру бас-талғанға дейін)
23.	21-318-082-754	«Астана Недвижимость» АҚ	11701	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, №56Б учаске	Тұрғын үй мақсатындағы объектілер кешенін жобалау және салу	Жеке меншік
24.	21-318-092-265	Федоренко Мария Васильевна	600	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» бағбандық серіктестігі, №325 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
25.	21-318-092-052	Ануфриев Николай Алексеевич	829	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» СУИТК, №301 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
26.	21-318-093-527	Макарова Татьяна Владимировна, Виллевальд Владимир Петрович	691	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Снабженец» бағбандық серіктестігі, №154 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
27.	21-318-096-509	Костюк Анатолий Игнатьевич	1080	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Садовая көшесі, №155 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
28.	21-318-096-458	Ивженко Татьяна Владимировна, Ивженко Виктор Павлович	302	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Садовая көшесі, №94 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
29.	21-318-096-434	Кульсеитова Ашухан Аймухаметовна	760	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Центральная көшесі, №59 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
30.	21-318-096-404	«Антарес Проект KZ» ЖШС	531	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Зеленая көшесі, №26 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
31.	21-318-096-846	Бекешев Абдрахман Кожекович	758	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Силикатчик» СУИТК, №98 учаске	Бағбандық	11.04.2011 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
32.	21-318-095-1133	Адильбеков Жанат Талгатович, Адильбекова Айгерим Каирбековна	89	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленая роща» СУИТК, Светлая көшесі, №108А учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
33.	21-318-086-257	Оробец Иван Федорович	708	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «ТЭЦ-2» бағбандық серіктестігі, №48 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
34.	21-318-091-138	Белихина Татьяна Михайловна	760	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Березовая роща» бағбандық серіктестігі, Тополиная көшесі, №3 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
35.	21-318-093-035	«JNB-2007» ЖШС	637	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Керамик» бағбандық серіктестігі, Сиреневая көшесі, №50 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
36.	21-318-096-032	Гомозков Сергей Маркович	860	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Зеленая роща» бағбандық серіктестігі, Малиновая көшесі, №13 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
37.	21-318-096-395	«Астана қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ	15	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, №13 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
38.	21-318-096-853	Исабаева Гульнар Абдрашитовна	194	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Силикатчик» СУИТК, №108 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
39.	21-318-082-918	Корнилова Раиса Федоровна	748	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Проектировщик-2» бағбандық серіктестігі, №169 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
40.	21-318-092-419	«Квартирное бюро» АҚ	600	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» тұтыну бау-бақша кооперативі серіктестігі, Виноградная көшесі, №321 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
41.	21-318-094-1241	«Жас-Саулет К» ЖШС	443	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Газовик» СУИТК, №132 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
42.	21-318-096-497	«Антарес-НС» ЖШС	89	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Луговая көшесі, №140 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
43.	21-318-096-426	Антонова Виктория Джитриевна	77	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Центральная көшесі, №55 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
44.	21-318-096-021	Мухаметжанова Айдана Ринатовна	154	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Почтовик» СУИТК, Тенисная көшесі, №2 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
45.	21-318-135-515	«АСТАНА ЖАҢА АҒЫСЫ» ЖШС	604	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Тельман кентінен шығысқа қарай 3,1 км жерде, №2 учаске	Шаруа қожалығын жүргізу	17.06.2052 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
46.	21-318-082-942	Дмитриева Галина Павловна	619	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Проектировщик-2» бағбандық серіктестігі, №189 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
47.	21-318-092-276	Джузбаев Алихан Уралтаевич	609	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» тұтыну бау-бақша кооперативі серіктестігі, №288 учаске	Бағбандық	04.07.2009 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
48.	21-318-092-084	Гуевская Любовь Петровна	600	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» тұтыну бау-бақша кооперативі серіктестігі, №301 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
49.	21-318-092-826	Шарафутдинова Файрузя Харисовна	614	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» тұтыну бау-бақша кооперативі серіктестігі, Лесная көшесі, №224а учаске	Бағбандық	Жеке меншік
50.	21-318-091-307	Найманов Ринат Абаевич, Омарова Кымбат Ермухановна	600	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Березовая роща» бағбандық қоғамы, Монтажная көшесі, №55 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
51.	21-318-093-094	Еремина Ольга Васильевна, Еремин Андрей Викторович	226	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Керамик» бағбандық серіктестігі, Земляничная көшесі, №125А учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
52.	21-318-096-466	Досыбаев Мурат Кырыкбаевич, Елешева Куралай Кенесовна	529	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Веселая көшесі, №104 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
53.	21-318-096-445	Кожахметов Азат Сагидуллаулы	1	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Садовая көшесі, №80 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
54.	21-318-096-438	Полетаева Ирина Сергеевна	443	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Центральная көшесі, №70 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
55.	21-318-094-708	Пралиев Садуакас Туркменбаевич, Тойшибекова Улжалгас Махмуджановна	244	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Газовик» СУИТК, №8 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
56.	21-318-094-762	Суркашев Мейрбек Темирханович	103	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Газовик» СУИТК, №65 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
57.	21-318-082-103	Жуков Владимир Романович	600	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Проектировщик-2» бағбандық серіктестігі, №138 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
58.	21-318-085-981	Джангаскина Салима Дастановна	1	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ш.Қалдаяқов көшесі, №15 үй, ТЕО-5	Жазғы терраса орналастыру үшін аумақты кеңейту (құрылыс салу құқығынсыз)	07.10.2029 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (қала құрылысын игеру басталғанға дейін)
59.	21-318-092-334	Волков Юрий Иванович	590	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» тұтыну бау-бақша кооперативі серіктестігі, Сливовая көшесі, №400 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
60.	21-318-092-854	Крицина Галина Александровна	583	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Литейщик» тұтыну бау-бақша кооперативі серіктестігі, Яблоневая көшесі, №292 учаске	Бағбандық	22.07.2010 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
61.	21-318-086-1145	Власова Диана Олеговна	1	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Строитель Цтс» бағбандық серіктестігі, №11 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
62.	21-318-091-202	Рощина Лариса Яковлевна	800	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Березовая роща» бағбандық серіктестігі, №4 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
63.	21-318-096-454	Халип Владимир Юрьевич	830	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Садовая көшесі, №90 учаске	Бағбандық	06.08.2008 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
64.	21-318-096-054	«Антарес Проект KZ» ЖШС	18	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Центральная көшесі, №69 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
65.	21-318-096-198	Якушева Ираида Михайловна	4	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Газовик» СУИТК, Центральная көшесі, №65 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
66.	21-318-096-401	Копаева Зинаида Васильевна, Кузьмичева Наталья Петровна	800	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Зеленая көшесі, №23 учаске	Бағбандық	Ортақ бірлескен меншік
67.	21-318-096-405	Ивженко Татьяна Владимировна, Ивженко Виктор Павлович	100	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Журавушка» бағбандық серіктестігі, Зеленая көшесі, №27 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
68.	21-318-093-1322	«Golden Tops-3» ЖШС	4	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Керамик» бағбандық серіктестігі, Яблочная көшесі, №95А учаске	Жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің салу	Жеке меншік
69.	21-318-093-1318	«Golden Tops-3» ЖШС	76	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Керамик» бағбандық серіктестігі, Яблочная көшесі, №70 учаске	Жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің салу	Жеке меншік
70.	21-318-093-088	Шаталова Галина Ивановна	8	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Керамик» бағбандық серіктестігі, №109 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
71.	21-318-094-1313	«Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ	4	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Ш.Қалдаяқов көшесі мен А52 (жобалық атауы) көшесінің қиылысы ауданы	Цифрлық ақпараттық құрылыстар	04.09.2029 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
72.	21-318-093-1306	«SupplyGroup» ЖШС	160	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Ш.Қалдаяқова көшесі, №34 үй	Жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркингі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің салу	29.04.2025 ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану

Астана қаласының Қазақстан халқы ассамблеясы Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Айдашев Нұрал Бағытұлына әкесі **Бағыт Беркімбайұлы Айдашевтың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№57 (4955) 16/05/2026 Сенбі

БАЙҚАУДА БАҒЫ ЖАНҒАНДАР

ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ РОЗА БАҒЛАНОВА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОКАЛДЫҚ КОНКУРСЫ
INTERNATIONAL VOCAL COMPETITION NAMED AFTER THE NATIONAL HERO ROZA BAGLANOVA

Шапағат ӘБДІР



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерт ұйымы сахнасында Халық қаһарманы Роза Бағланова атындағы халықаралық вокалдық байқаудың гала-концерті өтті.

Салтанатты кешті Роза Бағлановаының репертуарындағы әйгілі «Ах, Самарагородок» әнімен «Astana Musical» театрының әртісі Зарина Макина ашты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жеңіс Ысқақова, ҚР Мәдениет саласының үздігі Перизат Тұрарова және халықаралық байқаулардың лауреаты Асылхан Шалқаров сынды «Қазақконцерт» өнерпаздары өнер көрсетті.

Гала-концерт аясында байқау жеңімпаздары марапатталып, қазылар алқасының шешімімен I, II және III дәрежелі лауреаттар дипломдар мен ақшалай сыйлықтарға ие болды. Сертификаттарды Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Болатбек Букенов табыстады. Сонымен қатар Роза Бағлановаының отбасы атынан арнайы сыйлықтар ұсынылды.

Байқаудың бас жүлдесін Алматы облысынан келген Медет Орынбаев жеңіп алды. Оған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Ерлан Дакенов 2 миллион теңге көлеміндегі сертификатты табыстады. I орын Астана қаласының қатысушысы Меруерт Желдібаеваға бұйырды. Жеңімпазды қазылар алқасының төрағасы, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Лаки Кесоглу марапаттап, оған 1,5 миллион теңге ақшалай сыйлық тапсырды. II орынға астаналық Сәкен Әлімханов ие болып, 1 миллион теңге көлемінде сыйақы алды. Оны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жеңіс Ысқақова марапаттады. Қазылар алқасының шешімімен III орын Алматы қаласынан келген екі қатысушы – Эльвира Мамытова мен Аян Байжігітке берілді. Сондай-ақ Роза Бағлановаының отбасы атынан арнайы сыйлық ретінде 500 мың теңге және әншінің зергерлік бұйымдары негізінде жасалған ерекше сырғалар Түркиядан келген Айназ Рахимзадеге, Беларусь Республикасының өкілі Инна Троянға және Өзбекстаннан келген Мухаддас Алиеваға табысталды. Ал бас жүлде иегері Медет Орынбаевқа Роза Бағлановаының отбасы арнайы мүсіншені сыйлады.

Елордалық жас спортшы Нұрислам Бақтыбаев Өзбекстанның Ташкент қаласында өтіп жатқан бокстан Азия чемпионатында U15 санатында алтын медаль жеңіп алып, ел мерейін үстем етті.

АЗИЯНЫҢ АЛТЫНЫ БІЗДЕ

Құрлық додасында 55 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түскен қазақстандық боксшы финалда өзбекстандық Бобурмирзо Муродовпен қолғап түйістірді. Жекпежек барысында Нұрислам жоғары шеберлік пен сенімді ойын үлгісін көрсетіп, қарсыласынан басым түсті. Нәтижесінде төрешілер шешімімен астаналық спортшы 5:0 есебімен айқын жеңіске жетті. Осылайша Нұрислам Бақтыбаев Азия чемпионы атанып, Қазақстан құрамасының қоржынына кезекті алтын медальді салды. Жас боксшының бұл жетістігі елордалық спорт мектебінің деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеп, отандық бокстың болашағына зор үміт сыйлады.



«ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ» ҚАЙ КЕЗ ЕДІ?

Жер жіпсіп, күннің шуағы шұғылаға айналар тұста, атырап беті ашылып, қыстың қытымырлығы басылып, жазға аяқ басқан шақта маңай түрлене бастайды. Қазақтың «Сәуір болмай, тәуір болмайдысы» – осы кез. Алайда мамыражай мамыр келгенімен, күн райы құбылып тұрады.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ



Тоң жібіп, төрт түлік төлдей бастағанымен, ауыл қариялары «Құралайдың салқыны» кетпей, ауа райына аса қатты сенім арта алмайды. Ауыл тұрғындарының бейқам отырмайтыны да содан болса керек.

Жалпы «Құралайдың салқыны» деп қай мезгілді айтады десек, бала күнімізден құлақ түбінде қалған бұл сөз мамыр айының аяғына тұспа-тұс келеді. Яғни киіктердің төлдейтін мезгілі. Бұл хақында алысқа бармай-ақ, қазақтың көрнекті этнографы, тарихшысы Жағда Бабалықұлының жазбасынан табуға болады. Этнограф мынадай мысал келтіреді. Ол: «Бұл желдің «Құралайдың салқыны» деп аталуының себебі құралай балаларын осы желге қарсы жүгіртіп, аяқтандырады. Реті келгенде айта кетейін, мынау төрт аяқты хайуандардың ішіндегі балаларын жетім тастамай, бауырларына баса беретін осы киіктердің аналығы ғой. Сондықтан олардың балалары ешуақытта жетім қалмайды. Өз анасы өлсе, басқа кез келген аналығы оларды бауырына басып, емізе береді. Қандай керемет, ә! Адам баласы да осындай мейірімді болса ғой, шіркін...» дейді өз жазбасында.

– «Құралайдың салқыны» – мамыр айының аяғына таман соғатын суықтық. Осы күндері Құдайдың әмірімен қасқырлар «ораза» ұстайды. Олардың тісі қақсап, ет жеуге зауқы соқпайды, тіпті бірдеңе жемек түгілі, аң аулауға да шықпайды. Қасқырлардың бұл кезде азығы желден. Иә, «ауызашары» болады, онда да кешкісін жеміс жеуі мүмкін. Орманды жердің бөрісі «қасқыр жеген» сияқты удай ащы, қызыл жеміспен құрсағын алдайды, ал ауыр асты ойына да алмайды. Ал далалық жердің қасқыры жуа секілді ерте көктемде көтерілер дәрілік шөптермен қоректенеді. Қасқырлардың осы мезгілде осындай күйге ұшырайтынын білетін әлсіз аңдар олардан бой тасалап қашуды да қоюы ғажап емес. Өйткені олар да азулы көршілерінің «ораза тұтып» жүргенін жақсы біледі. Міне, Құдайдың керемет! Осы аралықта біз білетін киіктер жаңа туған төлдерін, лақтарын емін-еркін өргізіп әкетуге мүмкіндік алады. Иә, бірақ киіктерге қасқырдан басқа аң-құстар өш келеді. Мәселен, түлкі, қарсақ сияқтылар. Олар биік төбеден барлау жасап, киіктің лағын көздейді. Бірақ жас төл олардың көзіне оңай шалына қоймайды. Себебі киіктің жаңа туған лағы туа салысымен күннің көзін бағады. Күнбағыс өсімдігі сияқты күннің көзі қалай қарай ауса, солай қарай түзеліп жатып, яғни көлеңкесін жерге түсірмеуге тырысып, басын бауырына тығып, жұп-жұмыр болып жиналып, жермен-жексен күйге түседі. Өзін жасырады. Сосын біз даламызда киік саны көбейіп кетті деп дабыл қағамыз. Малшылар солай деп жатады. Ал егер киіктер болмаса қыс кетіп, жаз шыға өріс улы шөптерге толы болады. Қарапайым жусан, изен, бетеге, тағы басқасының үй жануарына жақпайтын, жесе асқазаны уланатын токсиндері болуы мүмкін. Киіктер сол улы шөптерді отап кетеді. Бірақ содан кейін шыққан шөп малға пайдалы болады. Мұны бұрынғы қазақ білген. Міне, «Құралайдың салқыны» – осы мамыр айының аяқ кезі, – дейді белгілі жазушы Мұнайдар Балмолда.

Түсінгеніміз, мамыр айының аяғында болатын суық жел – «Құралайдың салқыны». Мамандар мәлім еткендей, киіктің жаппай төлдеуі 2-3 күннен әріге созылмайды.

– Менің бұларға қосарым, ақбөкен 2-3 күннің ішінде төлдеп болады. Лақтың, яғни киіктің төлі – құралайдың үстіндегі шуы, былайша айтқанда, ылғалы кеппейінше бауырын көтермейді. Міне, желдің қатты соғуы киік лағын аяғынан тік тұрғызады. Құралай деген, екінші жағынан алып қарағанда, көшпенділердің алып жүретін жорықасы, – дейді журналист-этнограф Бекен Қайратұлы.

«Құралайдың салқыны» мамыр айының 20-25 аралығы десек те, биылғы мамырдың басы ә дегеннен салқындық танытты. Ұлт ұғымындағы «Құралайдың салқыны», қалай болған күнде де, жердің жасылданып, төл біткеннің асылданар шағы. Атам, жарықтық, «Күннің салқыны кетер» деп отырушы еді... Иә, күннің салқыны сейілер. Қазақта мамыражай күндер көп болғай!

ҮЗДІКТЕР САПЫНДА

Астанада көркем гимнастикадан спорт шеберлері арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өз мәресіне жетті. Байрақты бәсекеде елордалық спортшылар жоғары нәтиже көрсетіп, бірнеше жүлделі орынға ие болды.

Ел біріншілігіне Қазақстанның 14 өңірінен 80-нен астам спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Жарыс барысында гимнастар жеке және топтық бағдарламалар бойынша өнер көрсетті. Қатысушылар шығыршық, доп, таспа және шоқпармен шеберлігін байқатса, топтық жаттығуларда арнайы композициялық бағдарламалар ұсынылды. Чемпионаттың жеке бағдарлама бойынша командалық есебінде Астана қаласының құрамасы I орынды иеленіп, үздік команда атанды. Оның сапында Ақмарал Ерекешева, Айбота Ертайқызы, Айым Мейіржанова және Дария Көшербаева бар. Сонымен қатар жеке бағдарламадағы көпсайыс финалында астаналық спортшылар тағы бір мәрте өз шеберлігін дәлелдеді. Нәтижесінде Ақмарал Ерекешева чемпион атанса, Айым Мейіржанова қола жүлдені жеңіп алды. Ал топтық бағдарлама бойынша көпсайыс финалында №1 ұлттық құрама командасы (Жасмин Жүнісбаева, Аида Хәкімжанова, Кристина Чепульская, Мәдина Мырзабай, Айзере Кеңес және Айзере Нұрмағамбетова) I орынды иеленді.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №57

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ